

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ
Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Сүйіндіков Мейірбек Мақсотұлы

«Ақтөбе қаласындағы көп қабатты тұрғын үй кешені»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты


Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл. доктор, қау

ым. Проф.

 К. Акмалайулы

« 25 » 05 2020 ж.

1934

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы «Ақтөбе қаласындағы көп қабатты
тұрғын үй кешені»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған  Сүйіндіков М.М.

Ғылыми жетекші  Наширалиев Ж.Т.

« 25 » 05 2020 ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты


Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд,қауым.проф.

 К.Акмалайұлы

«27» 01 2020 ж.

1934

Дипломдық жоба орындауға

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Сүйіндіков Мейірбек Мақсотұлы

Тақырыбы: Ақтөбе қаласындағы көп қабатты тұрғын үй кешені

Университет ректорының «27» қаңтар 2020 ж. №762-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «02» маусым 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Ақтөбе қаласы, ғимараттың конструкциялық сұлбасы – тұтас құймалы қаңқалы темірбетон, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген, ұстындары, арқалықтары аражабын плиталары–темірбетоннан жасалынған






Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулеттік-құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау;
 2. Есептік-конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау, ортадан сығылған ұстынды есептеу;
 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім: жер жұмыстарының көлемін анықтау; мұнаралық кранды таңдау; бетонтасушы машиналардың санын анықтау; қазаншұңқыр қазу технологиялық картасын тұрғызе; ғимараттың аражбынның қорама қалыбын орнату технологиялық картасын тұрғызу; объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария; күнтізбелік жоспары, тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
 4. Құрылыс экономикасы бөлім; жергілікті және объектілік сметаларды жасау.
- Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
1. Ғимараттың қасбеттері, қималар, түйіндер, жоспарлар- 3 парақ;
 2. Ұстынның арматуралануы 1- парақ;
 3. Жерасты және жерүсті жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 4 парақ


**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	03.02-23.02.2020 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	24.02-22.03.2020 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы	23.03-20.04.2020 ж	
Экономикалық бөлім	23.03-20.04.2020 ж	
Антиплагиат, нормоконтроль, алдын – ала қорғау	18.05-24.05.2020 ж	
Қорғау	01.06-05.06.2020 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі(ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	Ж.Т.Наширалиев, к.т.н, доцент ассосц-проф.	25.05.2020	
Есептік-конструктивтік бөлім	З.М.Жамбакина, к.т.н, доцент ассосц-проф.	25.05.2020	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы, еңбекті қорғау бөлім және тіршілік қауіпсіздігі	И.З.Кашкинбаев, д.т.н, профессор, ассоц-проф.	25.05.2020	
Құрылыс экономикасы бөлім	Ж.Т.Наширалиев, к.т.н, доцент ассосц-проф.	25.05.2020	
Норма бақылаушы	Н.В.Козюкова, Техн. Ғылым, магистр.лектор	25.05.2020	

Ғылыми жетекшісі



Наширалиев Ж.Т

(ҚОЛЫ)

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Сүйіндіков М.М.

(ҚОЛЫ)

Күні

« 25 » 05 2020 ж.

АНДАТПА

Жұмыс тақырыбы: “Ақтөбе қаласындағы көп қабатты тұрғын үй кешені”
Гимарат 3 блоктан тұрады. Көп қабатты тұрғын үй Ақтөбе қаласындағы Астана даңғылы тас-жолы бойында орналасқан.

Дипломдық жобаның сәулет-құрылыс, жоспарланып және конструктивті шешімдері қабылданып, Құрылыс нормативтер және ережелері талаптарына сәйкестеліп қарастырылды, жобаның ТЭҚ-і анықталып, еңбекті қорғау бөлімдері бойынша шешімдер қабылданды.

Есептік-конструктивтік бөлімінде ұстын есебі орындалған.

1 9 3 4

АННОТАЦИЯ

Тема работы: “Многоэтажный жилой комплекс в г. Актобе”

Здание состоит из 3 блоков. Многоэтажный жилой комплекс расположен по проспекту Астана в городе Актобе.

В дипломном проекте были приняты архитектурно-строительные, планировочные и конструктивные решения, рассмотрены в соответствии с требованиями строительных норм и правил, определены ТЭП проекта и приняты решения по разделам охраны труда.

В расчетно-конструктивной части выполнен расчет колонны.

ANNOTATION

Topic: "Multi-storey residential complex in Aktobe"

The building consists of 3 blocks. The multi-storey residential complex is located Astana Avenue in Aktobe.

In the diploma project, architectural and construction, planning and design decisions were made, considered in accordance with the requirements of building codes and regulations, the project's TEU was determined and decisions were made on the sections of labor protection.

In the design and construction part, the column was calculated.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Сәулеттік-құрылыстық бөлім	8
1.1 Құрылыс аумағының сипаттамасы	8
1.2 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық шешімі	10
1.3 Сәулеттік-конструктивті шешімдер	11
1.4 Жылу техника есебі	12
2 Есептік-конструктивті бөлім	15
2.1 Жүктемелерді анықтап есептік схемасын құрастыру	15
2.2 Жүктемелерді жинақтау	15
2.3 Ортадан сығылған ұстын есебі	16
3 Құрылыс технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	20
3.1 Жалпы нұсқаулар	20
3.2 Технологиялық карталар	20
3.3 Құрылыстың күнтізбелі жоспары	28
3.4 Бас жоспар	31
3.5 Электрмен жабдықтау	35
3.6 Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	37
4 Экономикалық бөлім	39
4.1 Құрылыстың сметалық құнын есептеу	39
4.2 Жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштері	40
Қорытынды	41
Қолданылған әдебиеттер тізімі	42
Қосымша А	43
Қосымша Б	47
Қосымша В	48

КІРІСПЕ

Құрылыстың жалпы негізгі мақсаты адамзатының қолайлы өмір сүруіне қажетті өмірлік ортаны құру болып табылады, оның табиғаты мен жайлылығы қоғамның әлеуметтік даму деңгейімен, оның мәдени, ғылым мен техниканың жетістіктерімен айқындалған.

Құрылыс өндірістің мақсаты ғимараттар мен үймәреттерді салу және пайдалану болып табылады. Қазіргі заманда жаңа құрылыс конструкциялары мен материалдарды қолдану құрылыс технологияларының кең спектрін әзірлеу және қолдану қажеттілігімен сүйемелденуде.

Құрылыс сапасы мен болашақ ғимараттың сәулеттік келбеті үлкен дәрежеде көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдердің сапасына байланысты, сондықтан дипломдық жобалада бұл мәселелерге көп көңіл бөлінген.

Тұрғын үй кешені қаланың экологиялық қолайлы ауданында орналасқан, онда құрылыс тығыздығы салыстырмалы түрде жоғары емес.

Менің ойым бойынша, адамдардың ұзақ мерзімді уақытқа тұруына, олардың тұрмыстық және мәдени қажеттіліктерін арттыру қазіргі күн талабында тұрған үлкен мәселе. Ақтөбе қаласы – еліміздің мегаполис атауына үміткер қала болған соң, тұрғын үйдің көп болуын талап етеді. Сондықтан да, ғимарат осы қалаға арналып жобаланады.

Осыған байланысты дипломдық жұмыста жергілікті тұрғындар үшін он екі қабатты тұрғын үй кешені жобаланды. ТК-ге 72 пәтер кіреді. Ғимарат монолитті қаңқалы темір бетоннан жасалған. Сондай-ақ, ғимараттың сәулеттік бөлігі Revit 2019 және Autocad 2020 жобаланған. Конструктивті шешімі Лира-САПР 2013 және Сапфир есептеу кешеніндегі статикалық жүктемелерге есептелген.

Дипломдық жобаны жасауда қазіргі-заманауи компьютерлік бағдарламалар кешендерін пайдалана отырып жасалынды.

- Autodesk Revit 2019 – ғимараттарды 3D, 2D модельде және қасбет, генплан тұрғызу;
- Лира-САПР 2013 – ғимараттардың қаңқаларын беріктікке есептейтін бағдарлама;
- ABC 4.1.2 – экономика бөлімін есептеп шығару.


1 Сәулеттік-құрылыстық бөлім

1.1 Құрылыс аумағының сипаттамасы

Ақтөбе қаласындағы 12 қабатты тұрғын үй кешені (тұрғын үй 3D сұлбасы 1.1-суретте көрсетілген) - тақырыбына арналып жасалынған дипломдық жобас төмендегі негіздерден жасалынған:

Жобаланған тұрғын үй учаскесі Ақтөбе қаласында орналасқан.

Тұрғын үй құрылыстарына бөлінген учаскі, жердің бедері тыныш, құрылыстардан бос, бағалы жасыл тәріздес желектер жоқ.



1.1 Сурет – Тұрғын үй ғимаратының сұлбасы

Табиғи жағдайлар:

Нормативтік деректері сәйкес ҚЖ 2.04-01-2017 құрылыс климатологиясы

- Климаттық аудан – 1Б
- инженерлік-геологиялық шарттар – қарапайым;
- жылдық жауын-шашын мөлшері - 755 мм;
- топырақ қатуының нормативті тереңдігі - 2,4 м.;
- есептік жел ауданы – III;
- желдің басым бағыты - Солтүстіктен ;
- желдің жылдамдығы - 54кг / м2;

- қар ауданы – V;
- үй-жайдың ішкі ауа температурасы 22°C
- ең жылы ай ішіндегі орташа айлық салыстырмалы ауа ылғалдылығы-62%;
- негіз топырағы-орташа тығыздықтағы құм толтырылған ірі сынықты топырақ болып табылады;
- жер астыңғы сулары 5-10 м тереңдікте анықталды.

Сызбаларда қабылданған техникалық шешімдері ҚР аумағында қолданатын экологиялы, санитарлы-техникалық, өртке төзімді және басқада нормативтердің талаптарына сәйкес болу керек.

Абаттандыру ГП маркалы сызбаларға сәйкес орындалды.

Жел бағыты (Роза ветров) - бұл жел күндердің сандарын пайыз бен және желдің бағыты көрсетілетін диаграмма 1.1-кестеде және 1.2-суретте көрсетілген.


1.1 Кесте – Жел бағыты мен жылдамдығы

Шілде

Бағыттары	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қайталанылуы	8	5	12	10	15	31	24	14

Қаңтар

Бағыттары	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қайталанылуы	5	12	13	12	16	14	17	11



— Шілде

— Қаңтар

1.2 Сурет – Жел раушаны

1.2 Ғимараттың көлемдік – жоспарлық шешімі

Ғимараттың сыртқы пішін бойынша – тік бұрышты шығыңқы.

Ғимараттың жобадағы өлшемдері – 39200x18000мм.

Ғимараттың жобадағы биіктігі – 40000мм.

Қабаттардың биіктігі – 3300мм.

Жертөленің биіктігі – 4500мм.

Жобаланылып тұрған тұрғын үйлер кешендері III -ші классқа жатады.

Бөлмелердің атаулы экспликациялары 1.2, 1.3, 1.4, 1.5-кестелерінде көрсетілген.

1.2 Кесте – Бөлмелердің экспликациясы

Пәтерлер	Аудандары, м ²
Бір бөлмелі	52,8
Екі бөлмелі	62,2
Үш бөлмелі	124,4

1.3 Кесте – Бір бөлмелі пәтер (52,8 м²)

№	Бөлмелер аттары	Аудандары, м ²
1	Жатын бөлме	19
2	Асхана	10
3	С/У	3
4	Қылтима	3
5	Дәліз	9

1.4 Кесте – Екі бөлмелі пәтер (62,2 м²)

№	Бөлмелер аты	Аудандары, м ²
1	Қонақ бөлме	19
2	Асхана	9
3	Жатын бөлме	18
4	С/У	3
5	С/У	3
6	Кіре-беріс	9
7	Қылтима	3

1.5 Кесте – Үш бөлмелі пәтер (124,4м²)

№	Бөлмелердің аты	Аудандары,м ²
1	Қонақ бөлме	21
2	Жатын бөлме	16
3	Жатын бөлме	18
4	Асхана	19
5	Қылтима	3
6	С/У	5
7	С/У	3

1.3 Сәулеттік – конструктивті шешімдер

Көп қабатты тұрғын монолитті қаңқалы темірбетоннан сонымен қатар жабынмен жобаланды. Гимараттың кеңістік қаттылығы монолитті темірбетонды аражабын мен кірпіш қабырғалардың ортақ үйлесімді жұмысымен қамтамасыздандырылған. Кірпіш қабырғаларын салу, монолитті темірбетон конструкцияны, металл конструкцияларын дәнекерлеу, құрылыстағы конструкцияларын қосу монтаждық дәнекер, арматура және кіргізілетін бөлшектемелерді қосу сияқты көптеген жұмыстар.

Іргетастар

Іргетас – тұтас құймалы темірбетонды тақтайша тәріздес;

Іргетас - құймалы темірбетоннан, төрт бұрышты қималы, С25/30-бетонынан жасалынған;

Жертөле

Жертөле қабаттарының қабырғалары - монолитті бетонды блоктар В8. Су өткізбеушілік классы ВЕ-6, суыққа төзімділік классы Ф=80; Қабырғаның топырақ пен жанасатын сырт жақ беттерінің өте ыстық битумдық мастикпен бояу;

0,000 белгісінің жоғарғы қабырғалары – керамикалықты кірпіш 2,130 - 8ші серия, ішкі жағы пенополистириолмен жылытылды МЕСТ 015588-86, 25-ші марка;

Арқалық

Аралықты керамикалықты кірпіштер К – 100/ 1 /15 МЕСТ 530-2007 бойынша 121 мм қалыңдықта М50 ерітінділерінде;

Қабырғалар

Сыртқы қабырғаларының әрленуі - гранитті, сәнді етіп сылау, фибробетонды;

Ішкі қабырғаларының әрленуі – цемент қосылған құмдақ 1,5 см қалыңдықта М:50 ерітінді сылау;

Жабындар

Жабындар мен аражабындар - құрастырылмалы темірбетонды панельдерден қалыңдығы 22 см дөңгелек тәріздес қуыстардан және 1,141-1 сериялы болып келеді;

Баспалдақтар

Баспалдақтар - құрамалы темірбетоннан, құрастырмалы темірбетон көлбеулі арқалық сонымен бірге металл;

Терезелер және Есіктер

Терезелер мен қылтиманың есіктері – металло-пластикалық, дара дайындатылған;

Есіктер – сыртқы есіктер ГОСТ 24689-2002 бойынша алынған, ал ішкі есіктер ГОСТ 6629- 2002 бойынша;

Еден және Шатыр

Едендер атқаратын қызметіне байланысты - бетонды, керамикалы плита, ленолеум болып бөлінеді;

Шатыр – ішке қарай судың ағысымен қамтамасыз етілген.

Гидроокшаулаулағыш - 3 % еңісті бипольдің 4-қабатымен, битум мастигінде қиыршық тәріздес тастардан қорғау қабатшасымен қамтамасыз етілген.

1.4 Жылу техникалық шешім

Ғимараттардың қоршаушы жылулық сақтайтын шарттарына сәйкес келуі керек.

Сыртқы қабырғалардың жылулық сақтайтын есептердің жұмысы сыртқы қоршаушы қабырғалардың қалыңдықтарын анықтап білу болып табылады.

Сыртқы қоршаушы қабырғаны есептей отырып оның жұмыс барысындағы құрылыс материалдардың жылу тасымалдауына төзімділіктерді кеміту сонымен қатар стандарттық мәнін қалдыру жылу техника сипатында ескереді.

Бастапқы мәліметтер

Құрылыс орны – Ақтөбе қаласы

Қоршаушы конструкциялар сыртқы қабырға.

Іштегі ауа температурасы $t_b = 22 \text{ }^\circ\text{C}$

Ақтөбе қаласына қабырғалардың құрылым қажеттілігіне байланысты климат заңдарына орай тексерілуі қажет. Тұрғын үйдегі ылғалдық режим – қолайлы, ылғалдыққа байланысты құрылыстардың климатты аймақ – құрғақ және қолайлы болып келеді.

Бұл құрылымдық қабырғаның есептік сұлбасы және оның бөлек қабаттарының жылу техникалық мінездемелері төменде келтірілген.

Сыртқы қабырғалардың ең суық бестәуліктің ауа температурасы (қамтамасыздандырылған 0,92) $t_n = -22.2 \text{ }^\circ\text{C}$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001, кесте 3.1)

Конструкциялардың сыртқы бет жағы ауасына байланысты позицияның коэффициенті $n=1$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, кесте 3);

Қоршаушы конструкцияның ішкі ауа сонымен бірге ішкі жақ бет температураның стандартты айырмашылық $\Delta t_{\text{н}} = 4^{\circ}\text{C}$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, кесте 2)

Қоршауыш конструкциясының ішкі бет жағының жылулықты беру коэффициенті $\alpha_{\text{в}} = 8.7\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, кесте 4)

Қоршауыш конструкциясының сырт бет жағының жылулықты беру коэффициенті $\alpha_{\text{н}} = 23\text{Вт}/(\text{м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C})$ (ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, кесте 6)


Жылыту кезінің орташа температурасы $t_{\text{от.пер.}}^{\text{ср}} = -7.8^{\circ}\text{C}$;

Жылыту кезінің ұзақтығы $z_{\text{от.}} = 216$ тәулік (ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001, кесте 1)

Материалдардың сипаттамалары 1.6-кестеде және қабырға құрылымының есептік сұлбасы 1.3-суретте көрсетілген.

1.6 Кесте – Қоршауыш конструкцияларының қабаттар сипаттамасы

Қабаттар атауы	Тығыздығы γ , кг/м ³	Қабаттар қалыңдығы δ , м	Жылуөткізгішті коэффициенті λ , Вт/(м* ⁰ С)	Жылулықты сіңіру коэф $\text{Вт}/(\text{м}^2 * ^{\circ}\text{C})$
Гранитті тақта - Травертин	2000	0,03	0,76	9,6
Минплита базальт талшықтарынан "ISOKAM".	175	0,1	0,09	1,46
Сплитерлі блок	1200	0,3	0,22	9,2
Ішкі штукатурка	1800	0,02	0,76	9,6



1.3 Сурет – Қабырға құрылымының есептік сұлбасы

Қабырғалардың жылулық беру кедергілерін есептеу:

$$R_0^{\text{тр}} = \frac{n \cdot (t_{\text{в}} - t_{\text{н}})}{\alpha_{\text{в}} \cdot \Delta t_{\text{н}}} = \frac{1 \cdot (22 + 22,2)}{8,7 \cdot 4} = 1,2701$$

Жылытулар кезеңдерінің дәрежелерін есептеу:

$$\text{ЖКД} = (t_{\text{в}} - t_{\text{от.пер}}^{\text{ср}}) \cdot z_{\text{от}} = (22 - 7,8) \cdot 199 = 5930,2$$

Жылулықты тозу төзімділіктердің ең төменгі деңгейлерін анықтау

(ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002, 1-кесте) $R_0^{\text{пп}} = 3,5 \text{ м}^2 \cdot \text{°C} / \text{Вт}$

және ЖКД анықтағаннан кейін қажетті кедергісінің мәнін анықтау керек.

$$R_0^{\text{пп}} = 3,5 > R_0^{\text{тр}} = 1,2701$$

Жылулық қабаттарынан басқа барлық конструкциялы қабаттарының жылу-термиялық қосындыларын анықтау

$$\sum R_i = \frac{\sigma_1}{\lambda_1} + \frac{\sigma_2}{\lambda_2} + \dots + \frac{\sigma_i}{\lambda_i} = \frac{0,03}{0,76} + \frac{0,1}{0,09} + \frac{0,3}{0,22} + \frac{0,02}{0,76} = 2,54$$

Жылыту қабаттарының қалыңдықтарын анықтау

$$\delta_{\text{ym}} = \lambda_{\text{ym}} \left(R_0 - \frac{1}{\alpha_{\text{в}}} - \sum R_i - \frac{1}{\alpha_{\text{н}}} \right) = 23 \left(3,5 - \frac{1}{8,7} - 2,54 - \frac{1}{23} \right) = 0,072$$

Жылыту қабаттарының жылу-термиялық кедергісі:

$$R_{\text{ym}} = \frac{\delta_{\text{ym}}}{\lambda_{\text{ym}}} = \frac{0,072}{0,09} = 0,801$$

Көп қабатты конструкциялардың жылу-өткізгіштік кедергісін анықтау

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_{\text{в}}} + R_{\text{ym}} + \sum R_i + \frac{1}{\alpha_{\text{н}}} = \frac{1}{8,7} + 0,801 + 2,54 + \frac{1}{23} = 3,49$$

$$R_0 = 3,5 \frac{\text{м}^2 \cdot \text{°C}}{\text{Вт}} \geq R_0^{\text{тр}} = 3,49 \frac{\text{м}^2 \cdot \text{°C}}{\text{Вт}}$$

Шарт орындалды, жылыту қабатының қалыңдығы дұрыс қабылданды.

2. Есептік-конструктивтік бөлім

2.1 Жүктемелерді анықтап есептік схемасын құрастыру

Есеп нысаны тұрғын үй кешені болып келеді. Ғимарат тұтас құймалы темірбетонды қаңқа, іргетас бұрғылаушы жабынына тіреліп келетін ростверктері бар тұтас құймалы плитаны айқындайды. Кеңістіктік аралас рамалы-байланыстырғыш қаңқасы, рамалық қаңқалар және тік байланыстар түріндегі кеңістіктік байланыстырғыш жүйе болып табылады.

Топырақ негізі орташа тығыздықтағы құм толтырылған ірі сынықты топырақ болып табылады.

Тұтас құймалы темірбетон төмендегі материалдарынан негізделеді:

- ауыр бетонды C25/30 класты;
- арматура S500 класты
- Элементтердің схемада қимасы:
- шаршы тәріздес ұстын, қимасы – 400 x 400мм;
- тұтас құйылмалы аражабындар мен жабындар қалыңдығы 200мм.

Қаңқаға жүктеме кесте ұқсап құралынған. (2.1 ден 2.4 кестелерді қара)

2.2 Жүктемелерді жинақтау

Тұрақты ж/е уақытша жүктемелер:

2.1 Кесте – Аражабынға түсетін жүктемелер

Еден қабаттары ж/е жүктеме түрлерінің атаулары	Өлше м бірл.	Жүктем енің	γf	Жүктемелердің есептік мәндері
Тұрақты жүктемелер:				
Керамика плитасы- δ=10 мм ρ=1800кг/м ³	кг/м ² .	18,0	1.1	19,80
Цементпен құм араласынан жасалынған стяжка M150 - δ=25 мм ρ=1900кг/м ³	кг/м ² .	47,50	1.3	61,7
Гидроизоляция - 2қабат гидро-изолы битумды мастикада - δ=3 мм ρ=350кг/м ³	кг/м ² .	1,05	1.3	1,36
Цемент және құм араласпасынан жасалынған стяжка M150 - δ=20 мм	кг/м ² .	38,0	1.3	49,40
Керамзитбетон M80- δ=32 мм ρ=700кг/м ³	кг/м ² .	22,40	1.3	29,1
Барлығы:	кг/м ² .	126,9		161,1
Уақытша жүктемелер:				
Ұзақ мерзімді	кг/м ² .	70,0	1.3	90,8
Қысқа мерзімді	кг/м ² .	200,0	1.3	260,05

2.2 Кесте – Жабындарға түсетін жүктемелер

Еден қабаттары ж/е жүктеме түрінің атаулары	Өлшем бірл.	Жүктеменің норматив. мәні	γ_f	Жүктемелердің есептік мәндері
Тұрақты жүктеме:				
Бу оқшаулағыш $\delta=2\text{мм}$	кг/м.	3,0	1.2	3,40
Цемент стяжкасы $\delta=20\text{мм}$	кг/м.	30,0	1.3	39,0
Оралғыш кілем $\delta=10\text{мм}$ $\rho=200\text{кг/м}^3$,	кг/м ² .	2,0	1.2	2,40
Барлығы	кг/м.	35,0		44,80

2.3 Кесте – Парапет конструкциясы

Еден қабаттары немесе жүктеме түрінің атаулары	Өлшем бірл.	Жүктеменің норматив.	γ_f	Жүктемелердің есептік мәндері
Тұрақты жүктемелер				
Темірбетонды; $\delta=200\text{мм}$, $\rho=2500\text{кг/м}^3$, $h=1,0\text{ м}$	кг/м.	500,0	1.1	550,0
Жылытқыштар, $\delta=50\text{ мм}$, $\rho=40\text{кг/м}^3$,	кг/м.	2	1.3	2,60
Алюминиді металл қас беттік қаңқасы	кг/м.	15,0	1.05	15,7
1м ұзындықта	кг/м.	517,0		568,3

2.4 Кесте – Қоршаушы конструкция

Қабаттар н/е жүктеме түрлерінің атаулары	Өлшем бірл.	Жүктеменің норматив.	γ_f	Жүктемелердің есептік мәндері
Тұрақты жүктемелер.				
Сплитерлі блок $\delta=300\text{мм}$, $\rho=1200\text{ кг/м}^3$, $h=3,3\text{ м}$	кг/м.	494	1.2	592,8
Ішкі штукатурка класы В12.5 $\delta=20\text{ мм}$ $\rho=1800\text{кг/м}^3$ $h=3,3\text{ м}$	кг/м.	118	1.3	153,4
Минплита базальт талшықтарынан ISOKAM $\delta=110\text{ мм}$ $\rho=175\text{ кг/м}^3$,	кг/м.	19	1.2	222,8
1м ұзындықта	кг/м.	633		771

2.3 Ортадан сығылған ұстын есебі

Жоспардағы өлшем $39,2 \times 18\text{м}$ он екі қабатты ғимарат. Қабаттар биіктігі

3,3м. Ұстындардың қималар өлшемдері 40x40 см. Ортадан сығылған қима тік-бұрышты темірбетон. Бетонның классы C25/30, бетон осьтік сығылуына есептік кедергі $f_{ck}=25\text{МПа}$, бетондар бойынша қауіпсіздіктің жеке коэффициенті $\gamma_c=1,5$; алдын ала кернеуленген құрылымдары мен темірбетон сығылуына арналған бетондардың есептік кедергісі $f_{cd}=a_{cc} \cdot f_{ck}/\gamma_c=0,85 \cdot 25/1,5=14,2\text{МПа}$; Бойлық арматураның класы S500 ($f_{yk}=500\text{ МПа}$, $f_{yd}=f_{yk}/\gamma_c=435\text{МПа}$); көлденең арматураның класы S240 ($f_{yk}=240\text{ мПа}$, $f_{yd}=f_{yk}/\gamma_c=167\text{МПа}$);

Моменттің мәніне ортаңғы тіректің қыры бойынша ригельдің есептік тірек моменті $M_{Ed}=216,8\text{кНм}$;

Егерде келесі екі шарттар орындалса, онда ұстындар ортадан сығылған деп саналады:

$$l_0=7500\text{мм} \leq 20 \cdot h_c=20 \cdot 400=8000\text{мм}$$

мұндағы $h_c=b_c=0,4\text{ м}$;

Ұстынды симметриялы етіп арматуралаймыз, жұмыстық арматуралар үшін S500 класты арматура қолданылады.

Ортадағы ұстынға жүктеме жинақтау

а) Барлық қабаттан түсетін ұстынның өз салмағы:

$$G_c=b_c \cdot h_c \cdot H \cdot \rho \cdot \gamma_f \cdot \gamma_n \cdot n_{\kappa}=0,4 \cdot 0,4 \cdot 3,2 \cdot 25 \cdot 1,1 \cdot 0,95 \cdot 9=67,71\text{ кН}$$

мұндағы b_c – ұстын қима ені;

h_c – ұстын қима ұзындығы;

H – қабат биіктігі;

ρ – темірбетон тығыздығы ($\rho = 2500\text{ кг}\backslash\text{м}^3$);

γ_f – жүктемеге сенімділік коэффициенті;

γ_n – сенімділік коэффициенті;

n_{κ} – қабат саны.

б) Аражабындардан түсетін жүктеме:

$$G_{\text{ара}}=(g+v) \cdot A_{\text{жс}} \cdot n_{\kappa}=16,68 \cdot 47,12 \cdot 9=7079,64\text{ кН};$$

мұндағы $(g+v)$ – 2.2 кестеден алынған плитаның 1 м ұзындығына түсетін жалпы жүктеме;

$A_{\text{жс}}$ – орта ұстындағы жүктеме ауданы:

$$A_{\text{жс}}=b \cdot l=6,2 \cdot 7,6=47,12\text{ м}^2$$

в) Жабындардан түсетін жүктеме:

$$G_{\text{жс}}=(g+\rho) \cdot A_{\text{жс}}=(6,08+0,7) \cdot 47,12=286,48\text{ кН};$$

мұндағы g – плитаның 1 м ұзындығына түсетін тұрақты жүктеме;

ρ – Шу (I аудан) қаласына байланысты есептік қар жүктемесі[6].

г) Ригельдің өз салмағы:

$$G_p=b_p \cdot h_p \cdot L \cdot \rho \cdot \gamma_f \cdot \gamma_n=0,2 \cdot 0,5 \cdot 6,2 \cdot 25 \cdot 1,1 \cdot 0,95=16,19\text{ кН};$$

мұндағы b_p – ригель қимасы ені;

h_p – ригель қимасы ұзындығы;

L – ригель ұзындығы.

Ұстынға іргетас қырындағы қимада бойлық күштің есептік мәні:

Тұрақты:

$$N_{Ed} = G_c + G_{Ara} + G_{жс} + G_p = 67,71 + 7073,64 + 286,48 + 16,19 = 7444,02 \text{ кН};$$

Есептейміз:

$$\frac{d_1}{h} = \frac{d_2}{h} = \frac{0,3}{50} = 0,06$$
$$v_{Ed} = \frac{N_{Ed}}{b \cdot h \cdot f_{cd}} = \frac{7444020}{550 \cdot 550 \cdot 14,2} = 1,73$$
$$\alpha_{Ed} = \frac{M_{Ed}}{b \cdot h^2 \cdot f_{cd}} = \frac{216,8 \cdot 10^6}{550 \cdot 550^2 \cdot 14,2} = 0,02$$

w_{tot} коэффициентін [1] В.2 қосымша бойынша диаграммадан v_{Ed} және α_{Ed} коэффициенттерінің қиылысынан анықтаймыз: $w_{tot} = 0,71$;

$$A = \frac{w_{tot} \cdot b \cdot h}{\frac{f_{yd}}{f_{cd}}} = \frac{0,71 \cdot 550 \cdot 550}{\frac{435}{14,2}} = 2990 \text{ мм}^2$$

Ұстынның арматурасын симметриялы етіп қабылдаймыз.

$$\frac{A_{s,tot}}{2} = A_{s1} = A_{s2} = 1495 \text{ мм}^2$$

Сортаменттен қабылдаймыз: $4 \varnothing 22 \text{ S500}$ ($A_s = 1520 \text{ см}^2$).

$$4 \varnothing 22 \text{ S500} \quad (A_s = 1520 \text{ см}^2).$$

Көлденең арматураның класы мен қадамын конструктивті түрде қабылдаймыз. Арматура диаметрін d_w екі шартқа байланысты қабылдаймыз: $\geq 6 \text{ мм}$ және $\geq \frac{l}{4} \cdot d_{max} = 36 \cdot \frac{l}{4} = 8$. Осы шартқа байланысты $d_w = 8 \text{ мм}$ деп қабылдаймыз.

Сортаменттен көлденең арматура диаметрін қабылдаймыз: $\varnothing 8 \text{ S240}$ қадамы 400 мм .

Есептік жүктемелерден ұстындарда болатын иілу моменттерін анықтау
Жертөледе жабын ригельдерінің бірінші қабатындағы тірек моменттерін анықтау.

НТП РК 01-02.1-2012 [1], $k_1 = 1,2 \cdot k = 1,2 \cdot 0,91 = 1,1$ қосымшасына байланысты есепке енгізілген қатандық бойындағы қарым-қатынастар 1+2 моменттерін үйлестірмей енгізілгенде, ұстынның максималды моментін табамыз.

Ұзақ жүктемелер кезінде

$$M_{21} = (\alpha \cdot g_{ав} + \beta \cdot v) \cdot l^2 \quad (2.1)$$

$$M_{21} = -(0,0885 \cdot 27,9 + 0,0698 \cdot 18,22) \cdot 5,5^2 = -121,4 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_{23} = (\alpha \cdot g + \beta \cdot v) \cdot l^2 \quad (2.2)$$

$$M_{23} = -(0,0812 \cdot 27,9 + 0,0096 \cdot 18,22) \cdot 5,5^2 = -80,15 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Толық жүктеме кезінде:

$$M_{21} = -121,4 - 0,0698 \cdot 18,22 \cdot 5,5 = -165,1 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_{23} = -80,15 - 0,0096 \cdot 18,22 \cdot 5,5 = -91 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Рамалардың түйіндеріндегі тіреу моменттерінің абсолютті белгіінің айырмашылықтары:

Ұзақ жүктемелер кезінде: $\Delta M = 121,4 - 80,15 = 41,25 \text{ кН} \cdot \text{м}$;

Толық жүктеме кезінде: $\Delta M = 165,1 - 91 = 74,1 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Жертөле ұстынның иілу моменттері – ұзақ жүктемелерден:

$$M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 41,25 = 16,5 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

толық жүктемелерден

$$M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 74,1 = 29,64 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

1-ші қабат ұстындарының иілу моменттері – ұзақ жүктемелер кезінде:

$$M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 41,25 = 24,75 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

толық жүктемелерден:

$$M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 74,1 = 44,46 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Максималды бойлық күштеріне сәйкес қып, ұстындардың иілу моменттерін анықтау. Ригельдің пролеттің бірінші сұлбасы бойынша анықтаймыз.

Ұзақ жүктемеден:

$$\Delta M = (0,0855 - 0,0812) \cdot 25 \cdot 5,5^2 = 8,8 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Жертөле ұстындарының

– иілу моменттері:

$$M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 8,8 = 3,52 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

– Бірінші қабат:

$$M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 8,2 = 5,28 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Толық жүктемеден:

$$\Delta M = (0,0855 - 0,0812) \cdot 35,6 \cdot 5,5^2 = 11,9 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Иілу моменттері

–жертөле ұстындары:

$$M = 0,4 \cdot \Delta M = 0,4 \cdot 11,9 = 4,76 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

–1-ші қабат:

$$M = 0,6 \cdot \Delta M = 0,6 \cdot 11,9 = 7,14 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

3 Құрылыс технологиясы және ұйымдастыру бөлімі

3.1 Жалпы нұсқаулар

Жұмыстардың құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізу және қабылдау ережелеріне және ҚНЖЕ 3.01.01-85-тарауларында баяндалған құрылыс өндірісі технологиясының сақталуына сәйкес орындау.

Құрылыс алаңшасында негізгі құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін келесі дайындық жұмыстары орындалуы тиіс:

- Д-710 бульдозерімен топырақ бетінің өсімдік қабатын көкалдандыру жұмыстары үшін сақтай отырып кесу;
- жерді қазу және жоспарлау жұмыстарын жасау;
- құрылыстың Бас жоспарға сәйкес уақытша автокөлік жолдардын орнату;
- уақытша ғимараттар мен құрылыстарды орнату, уақытша инженерлік желілерді орнату;
- жабдықтар және материалдарды сақталуына арналған қалқалардың құрылысын жасау, қойма алаңдарды, ірілендіріп жинақтауға арналған алаңдарды.

Қазанды қазу бойынша жұмыстарды ЭО-3223 экскаваторымен орындау керек. Қазаншұңқыр түбін тазалау қолмен орындалады. Артық топырақ КАМАЗ 65115 автосамосвалдарымен бөлінген орынға шығарылады.

Ғимараттың жер асты бөлігінің құрылымдарын монтаждауды СКГ63/100 маркалы автомобиль кранымен орындау көзделген.

Конструкцияларын монтаждауды жерүсті және ғимараттың бір бөлігін орындауға жоспарланған башенным кран маркасы QTZ125.

Әрлеу жұмыстарын жүзеге асыру белгіленген:

- сылау-сылау жылжымалы станциясы ПШС 2-М сылау-сылау СО- 48А ерітіндоронастарын және сылау-С112 машиналарын қолдана отырып;
- Сырлау СО115 бояу станциясын, ЭО- 53 шпаклевкалы қондырғыны, СО- 61 электр бояғыш пультін пайдалана отырып. Құрылыс кешеніне алаңшілік желілердің құрылысы кіреді.

3.2 Технологиялық карталар

Қазаншұңқырды ЭО-3223 экскаваторымен әзірлеуге арналған технологиялық карта

Технологиялық карта қазанды тұтас кесетін жиегі бар шөміші бар ЭО-3223 экскаваторымен қазу кезінде 2 типті топырақты әзірлеуді қарастырады. Жұмыс көлемі 10596,24 м³.

- Технологиялық картамен қаралатын жұмыстардың құрамына:
- экскаватормен топырақты әзірлеу және оны автосамосвалға тиеу;
- КАМАЗ 65115 автосамосвалдарымен топырақты тасымалдау

- үйіндідегі топырақты Д-170 бульдозермен тегістеу.
- жұмыстар қыстың соңғы кезеңінде үш ауысымда орындалады.

Құрылыс процесін ұйымдастыру және технологиясы

Жер жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін "құрылыс өндірісін ұйымдастыру" 3.01.01-85 ҚНЖЕ және "жер құрылыстары"3-8-76 ҚНЖЕ сәйкес ұйымдастыру-дайындық іс-шаралары орындалуы тиіс.

- Бұдан басқа, келесі жұмыстар орындалуы тиіс:
- қазаншұңқыр осі шығарылды және бекітілді және қажет болған жағдайда қосымша реперлер орнатылды;

- жер үсті суларын бұру орындалды;

- орналастырылды землевозные жолдар;
- автосамосвалдардың жүк тиеуге өтуі үшін ілгіштер орнатылды;

-жұмысшылар мен ИТЖ жұмыстың технологиясы мен

ұйымдастырылуымен танысты және қауіпсіз еңбек әдістеріне үйретілді.

Топырақты қазу сыйымдылығы 0,8м³ ЭО-3223 экскаваторымен орындалады. Экскаватор тұрағының деңгейі игерілетін топырақ деңгейінен жоғары.

Топырақты тасымалдау КАМАЗ 65115 автосамосвалдарымен 10 км дейінгі қашықтыққа жүргізіледі.

Үйіндіде жолдарды орнату, күтіп ұстау және топырақты жоспарлау үшін Д-170 бульдозері пайдаланылады.

Қазаншұңқырды орнату бойынша жұмысты құрамында: 6-шы разрядты экскаватор машинисі-1 бригадасы орындайды.

5-ші разрядты экскаватор машинисінің көмекшісі-1; 6-шы разрядты бульдозер машинисі-1; 3-сыныпты автосамосвал шофері-3;

Топырақты қазу кезінде экскаватор машинисі машинаның конструктивтік мүмкіндіктері мен оның қозғалтқышының қуатын толық пайдалануға ұмтылуы тиіс; толтырылған шөмішті түсіру орнына бұрумен және кенжарға бұрумен шөмішті түсіруді қоса отырып, жұмыс операциялары циклының ең аз ұзақтығы кезінде жұмысты орындауы тиіс.

Шөмішті мүмкіндігінше қысқа қашықтықта бір шөмішпен толтыру керек.

Шөмішті көбінесе забойдың төменгі бөлігінде толтыру қажет, бұл кесу күшін толық пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазаншұңқырларды орнату жөніндегі жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Жер жұмыстарының сапасы ҚНЖЕ 3.02.01-87 "Жер құрылыстары, негіздер мен іргетастар" сәйкес болуы тиіс.

Ойықтар түбінің жобалық еністерін ұстау үшін жер қазатын машиналарда орнатылатын арнайы аспаптарды (тереңдік өлшегіштер, лазерлік құрылғылар) қолдану ұсынылады.

Бір шөмішті экскаваторлар әзірлейтін қазаншұңқырларды топырақтың табиғи құрылымын бұзбай, кестелік мөлшерден аспайтын мөлшерде Жиналмайтын негізінде орнату керек.

Іргетастарды орнату орындарындағы кездейсоқ аралықтар негізімен

біртекті топырақпен немесе құмды топырақпен, қиыршық таспен және тиісті тығыздаумен байланысты емес басқа да материалдармен орындалуы тиіс..

Н- қазаншұңқыр биіктігі, $H=3,2\text{м}$; $c=39,2+2\cdot 0,75\cdot 3,2=44\text{м}$.

Жоғарғы жағынан шұңқыр ұзындығы;

$$d=b+2mH \quad (3.1)$$

$$d=18+2\cdot 0,75\cdot 3,2=22,8\text{ м.}$$

$V_k=3,2\div 6 [44 \times 22,8 + 22,8 \times 75 + (72,0 + 44) \times (72,0 + 75)] = 11984,2\text{ м}^3$
Жер жұмыстарының жалпы көлемі:

$$\sum V_{з.раб.} = V_k + V_{в.тр} = 11984,2 + 1443 = 13427,2\text{ м}^3$$

Бұл көлем бойынша экскаватор шөмішін орнатамыз. Шегінде 6000-11000 м^3 $V_{ков}=0,8\text{ м}^3$

Экскаватормен өңдегеннен кейін қазаншұңқыр мен траншея түбін тазарту көлемі:

$$V_k = F_k \cdot \Delta h_H; \quad (3.2)$$

мұндағы $\Delta h_H = 0,25\text{м}$ (экскаватор үшін кері күрекпен)

$$F_k = a \cdot b = 144,5 \cdot 72,0 = 10404\text{ м}^2$$

Қазаншұңқыр қуысында қайта көмілуге жататын топырақ көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_{03} = (V_k - V_{ф} - V_{п}) / (1 + K_{ор}) \quad (3.3)$$

$$V_{03} = (38983,2 - 647,4 - 3228,1) / (1 + 1,04) = 17700,1\text{ м}^3$$

Учаскеден тыс әкетуге жататын артық топырақтың көлемі

$$V_{иіл} = V_{з.р} - V_{03}. \quad (3.4)$$

$$V_{иіл} = 38983,2 - 17700,1 = 21283,1$$

Үйіндіге топырақ көлемі: $V_{отв} = V_{03} = 21283,1\text{ м}^3$

Тығыздау көлемі: тығыздау ауданы негізінен өлшенеді.

3.1 кестеде жұмыс көлемінің ведомосы көрсетілген.

Оны тығыздалған қабаттың қалыңдығының орташа мәнін қою арқылы табуға болады $V_{упл} = 2952\text{ м}^3$

ЕНиР бойынша экскаватор ожауының сыйымдылығына байланысты екі түрлі маркасы бар экскаватор таңдаймыз:

1. Механикалық жетекпен Э-656, $V_{ожау} = 0,65 - 0,8\text{ м}^3$

$$N_1 = \frac{4,4(2,2)}{4,33}; N_2 = \frac{3,6(1,8)}{3,55}$$

2. Гидравликалық жетекпен ЭО 3223, $V_{\text{ожау}}=0,8\text{м}^3$

$$N_1 = \frac{2,6(2,6)}{2,76}; N_2 = \frac{2,1(2,1)}{2,23}$$

Екі марка бойынша технико-экономикалық жақтарын салыстырамыз. Экскаватордың жұмыс істеу ауысымдар санын анықтаймыз.

$$\sum n_{\text{маш.ауыс}} = \left(\frac{V_{\text{үйін}}}{100} * N_2 + \frac{V_{\text{авто}}}{100} * N_1 \right) / 8.2 \quad (3.5)$$

мұндағы N_1 -топырақты автосамосвалдарға аударғандағы экскаватор уақыт мөлшері

N_2 -топырақты үйіндіге аударғандағы экскаватор уақыт мөлшері

1. Механикалық жетекпен:

$$\sum n_{\text{маш.ауыс}} = \left(\frac{23.04}{100} * 3.6 + \frac{50.59}{100} * 4.4 \right) / 8.2 = 37.26$$

2. Гидравликалық жетекпен:

$$\sum n_{\text{маш.ауыс}} = \left(\frac{23.04}{100} * 2.1 + \frac{50.59}{100} * 2.6 \right) / 8.2 = 21.94$$

Экскаватордың бір ауысымдағы жұмыс істеу өнімділігін анықтаймыз.

$$P_{\text{ауыс.өнім}} = \frac{V_{\text{қ}}}{\sum n_{\text{маш.ауыс}}}, \text{ м}^3/\text{ауыс} \quad (3.6)$$

1. Механикалық жетекпен:

$$P_{\text{ауыс.өнім}} = \frac{7363,104}{37,26} = 19,614 \text{ м}^3/\text{ауыс}$$

2. Гидравликалық жетекпен:

$$P_{\text{ауыс.өнім}} = \frac{7363,104}{21,94} = 335,602 \text{ м}^3/\text{ауыс}$$

1 м^3 топырақты экскаватормен өңдеу бағасын анықтаймыз.

$$c = 1,08 * c_{\text{маш.ауыс}} / P_{\text{ауыс.өнім}} \quad (3.7)$$

1. Механикалық жетекпен:

$$c_{\text{маш.ауыс}} = 28,37 \text{ смен} * \text{руб}$$

$$c_{\text{маш.ауыс}} = 1,08 * 28,37 / 19,614 = 0,155$$

2. Гидравликалық жетекпен:

$$c_{\text{маш.ауыс}} = 33,62 \text{ смен} * \text{руб}$$

$$c_{\text{маш.ауыс}} = 1,08 * 33,62 / 335,602 = 0,108$$

Қорытынды: Техника экономикалық көрсеткіш (ТЭК) бойынша салыстыру нәтижесінде экономикалық тиімділігіне байланысты ЭО-3223 тиімді ($V_{\text{ожау}}=0,8\text{м}^3$). Өсімдік қабатын кесу үшін бульдозер маркасы Д 170 таңдаймыз.

Жер үсті бөлігіне технологиялық карта

Іргетас блоктарын монтаждау. Блоктарды ілмектеу алдында кран қазаншұңқыр шетінен қауіпсіз қашықтықта тұрғанына, оның тіректері (шынжыр табан, доңғалақтар, аутригерлер) құлау призмасының шегінен тыс

орналасқанына көз жеткізеді.

Іргетас блоктар (жастықтар) сумен жабдықтау, кәріз және басқа да кірмелер құбырлары үшін үзілуді қамтамасыз ету үшін жобаға сәйкес оларды орналастыру схемасы бойынша салынады.

Таспалы іргетастар маякалы блоктардан бұрыштар бойынша және қабырғалардың қиылысатын жерлерінде құрастырыла бастайды. Блоктар арасындағы ажыраулар мен монтаждау процесінде бүйірлік қуыстар құммен немесе құмды топырақпен толтырады және нығыздайды.

3.1 Кесте – Жұмыс көлемдерінің ведомосы

Жұмыс атауы	Көлем	Ескертпе
Өсімдік қабатын бульдозермен кесу	4044м ²	
Топырақты экскаватормен автокөлікке аудару	8984,2м ³	автосамосвалдарға тиеумен.
Топырақты экскаватормен үйіндіге аудару	7700м ³	
Топырақ жетіспеуі	56.6м ³	
Ф.Р	82,8м ³	
С.П	54,8м ³	
Кері жабу	7700м ³	
Топырақ тығыздағышы	8500м ³	

Жиналмалы-ауыстырмалы шағын сорғыш қорама. Ұсақ арынды қалыптардың конструкциясына: қалқандар, сызықтық және бұрыштық айқастар, ұстап тұратын фермалар, телескопиялық тіреулер кіреді. Қалқандардың қаңқасы металдан, ал палубалар – металдан немесе фанерден жасалады. Қалқандардың өлшемдері модульге 300мм еселік және өлшемдері бар: ұзындығы – 1.2; 1.5; 1.8 м; ені- 0.3 және 0.6м.

Қалыптарды ірілендірілген панельдерге біріктіру үшін, кейіннен блокты монтаждау және бөлшектемей жеке элементтерге блоктау бұрыштары пайдаланылады. Ірілендірілген панельдер панельдерді тік жағдайға салыстырып тексеруге мүмкіндік беретін тірек бұрандалы домкраттары бар подкостармен, сондай-ақ қоршауы бар жұмыс төсеніштерімен жабдыкталады. Ұсақ-қуатты қалыптардың түрлі жүйелері қалқандарды өзара бекіту және белдіктермен ерекшеленеді.

Төсеніштер мен қалыптардың айналуын есептеу

Төсеніштердің қажетті саны қабаттарда өндірістік процестерді үздіксіз орындау үшін кешенді бригаданың барлық буындарын толық қамтамасыз ету жағдайларынан анықталады. Бұдан басқа, төсеніштердің бір жиынтығы бөлшектеу-орнату процесінде жұмыс фронты бойынша келесі қармауда болуы тиіс.

Қорама айналымы барлық объектіде бір типті қорама қондырғысының ұзақтығын бір қорама жиынтығының айналым циклінің ұзақтығына бөлуден

жеке ретінде анықталады. Қорама жиынтықтарының қажетті саны өрнектен анықталады

$$a = n + 1 + \frac{At_{\text{в}}}{K} \quad (3.8)$$

мұндағы n – қарапайым процестер саны;

A - тәулігіне жұмыс ауысымының саны;

$t_{\text{б}}$ – бетонды қалыпта ұстау уақыты;

K – бір басып алу кезінде Қалыптарды орнату ұзақтығы.

$n = 4$ – орнату, қалыптарды → арматуралау → бетон қоспасын төсеу → қиылысуларды (бөлшектеу).

$A = 1$ – бетондау жұмысы бір сменде жасалынады.

3.2- кестеде СКГ63/100 автокранының техникалық сипаттамалары көрсетілген.

3.2 Кесте – СКГ63/100 автокранының техникалық сипаттамалары

Максималды жүк көтергіштігі, т	25т
Гөрт секциялы жебенің ұзындығы, м	9,0...29,0м
Негізгі жебесі бар толық салмағы, т	20т
Қаздың ұзындығы, м	3м

Кешенді бригада құрамын анықтау

Кешенді бригада буындарын қалыптастыру калькуляция бойынша есеп айырысу еңбек шығындарын, құрылыстың берілген мерзімдерін, жұмыстарды орындау шарттарын ескере отырып жүргізіледі.

Қалыптарды орнату кезінде ағаш ұсталары (слесарлар) буындарының қажетті орташа саны анықталады

